



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

3. In early 2006 he recommended Lugovoi to provide security services for a London-based company, Continental Petroleum Limited (CPL), which was seeking to exploit lucrative oilfields in western Siberia. [3]	3. В начале 2006 года он порекомендовал Лугового для обеспечения безопасности лондонской компании Continental Petroleum Limited (CPL), которая намеревалась осваивать месторождения в Западной Сибири. [5]
--	--

На основе рассмотренных нами примеров перевода аббревиаций ясно видно, что чаще всего мы сталкиваемся с приемами транслитерации английского сокращения русскими буквами, а также перевода расшифровки английского сокращения и создания на базе перевода русского сокращения. Однако, в противоречие общепринятому мнению, можно с уверенностью утверждать, что применение транскрипции побуквенного произношения сокращения в английском языке является не таким уж редким приемом, что было доказано при анализе журнальных статей.

Таким образом, в настоящее время одна из важнейших задач в области создания общей теории аббревиации заключается в сборе и анализе достоверного и обширного фактического материала, на котором можно было бы построить обобщения всех сокращенных лексических единиц и дать их подробную характеристику.

Список использованных источников

1. Арбекова, Т. И. Лексикология английского языка / Т. И. Арбекова. – М., 1977. – С. 46–47.
2. <http://time.com/author/3433239/> [Свободный доступ]
3. <http://www.theguardian.com/world/2015/feb/24/litvinenko-inquiry-hears-alleged-killer-may-have-been-coached-by-fsb> [Свободный доступ]
4. <http://www.inopressa.ru/article/05mar2015/time/sanctions.html> [Свободный доступ]
5. <http://www.inopressa.ru/article/25Feb2015/guardian/litvinenko.html> [Свободный доступ]

УДК 81.33

«ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Махсотова Назерке Исатаевна

simply_nazek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Н. Жұмай

Батырлар жыры- көне заманнан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ ауыз әдебиетінің өшпес бір асыл мұрасы болып табылады. Оны қаһармандық эпос деп те атайды. Батырлар жыры қазақ халқының өмірінің біртұтас дәуірін қамти отыра, сол тарихи кезеңдегі саяси- әлеуметтік қарама-қайшылықтарды, қоғамдық талас-тартыстарды астарлап, бейнелейді. Мұндай қазақ эпостарының басты қаһарманы елін сүйген батыр, ал оның басты мақсат-мұраты – халқын, Отанын жау шапқыншылығынан қорғап, тыныштығын аман сақтау. Қазақ батырлары жайындағы жырларда жеке бастың мүддесінен гөрі әлеуметтік сарын басым болып келеді. Яғни, қоғамның басты қажеттілігіне, мұқтаждығына басты назар аударылды. Халық ауыз әдебиетінен ерекше орын алатын батырлар жырының қатарына «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Қамбар» сияқты жырларды жатқызуға болады.

Эпостық жырларды қазақ жыршы-жыраулары ғасырлар бойы домбыра, қобызбен

орындап, ауыздан ауызға таратып келген. Соған қарамастан, олар өздерінің мән мазмұнын, изюминкасын кетіріп алмады. Бұл, бәлкім, сол кезде нақты дереккөздерден, я болмаса, оларды сүйіп, бес саусақтай жатқа білген халықтан жазып алғандықтан шығар.

Қазақ батырлар жыры жайында алғаш пікір айтып, зерттеу жүргізген ғалымдар – В.В.Радлов, И.Е.Березин, Г.Н.Потанин, Ш.Ш.Уәлиханов, Н.И.Ильминский, А.Е.Алекторов, Ә.А.Диваев. Олардың әрқайсысы әр кезеңде болса да, қазақ ауыз әдебиетінің соның ішінде батырлар жырының молдығын, өзіндік ерекшелігін атап көрсетті, көркемдік және мазмұндығы сапаларына шолу жасады. Сонымен бірге олар ел ауызынан эпос үйгілерін жинап хатқа түсіруде, жыр нұсқаларын бір-бірімен салыстырып баспаға даярлауда, орысшаға аудартып, түсініктер жазуда көп еңбек етті. Қазақ эпостарының халықтық үлкен мәдени мұра екені хақында айтқан Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, бертініректе Сұлтанмахмұт Торайғыров пікірлерінің ғылыми бағасы зор.

Әрбір халыққа өзіндік күнделікті тұрмыс тіршілігі, әдет ғұрпы, қоршаған ортаға деген көзқарасы әрі олардың құндылығы сипатталатын батырлық жырлар тән болып келеді. Бұл халық батырлары мен олардың ерліктері баяндалатын ортағасырлық әдебиеттің жанры болып табылады. Жиі эпикалық әндер түрінде, яғни жыр түрінде беріледі. Мәселен, шығыс славян батырлық эпосы «Илья Муромец и Соловей-разбойник»-ті атап көрсетуге болады. Илья Муромец - Отаны мен халқының қорғаушысы ретінде ұсынылған, орыс халқының эпостарының орталық (басты) тұлғасы болып табылады. Осы кейіпкер арқылы, оның ерліктері арқылы орыс халқының басты құндылықтары берілген.

Атақты «Давил Сасунский» поэмасы армян батырлық эпосының қатарына жатады. Бұл басқыншылар мен армян халқының арасындағы күресті көрсетеді және шетел басқыншыларынан азат етілудің жолын іздеген оның басты кейіпкері, ұлттық рухтың бейнесін дәріптейді.

«Роланд әні» - француз батырлық эпосының үлгісі. Жырдың басты тақырыбы - жаулар мен басқыншыларға қарсы бағытталған халық күресі болып табылады. Роланд батыр батыл әрі жаужүрек кейіпкердің рөлін сомдайды. Бұл эпостық жырдың жалпы мазмұны тарихи шындыққа жақын болып келеді.

Ағылшын батырлық эпосы кедей және бейбақ адамдардың қорғаушы әрі қарақшы, аты аңызға айналған Робин Гуд жайлы көптеген балладалармен дәріптелген. Бұл кейіпкер батыл және игі пейілді болуына байланысты, ол халықтық нағыз сүйіктісіне айналды. Робин Гуд-граф болғанына қарамастан, жағдайы төмен адамдарға көмектесу мақсатында бай өмірінен бас тартқан тарихи тұлға болып саналады.

Ағылшын және қазақ халықтарының батырлар жырында қаншалықты ұқсастық болса, соншалықты айырмашылық та жетерлік. Енді, сол айырмашылықтар мен ұқсастықтарға біраз тоқталайық.

Енді, қазақ және ағылшын халықтарының батырлар жайлы дастандарындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарға жалпы шолу жасайық. Ұқсастықтарына тоқталсақ,

1. Батырлар жырының қай-қайсысын алсақ та бәрінде де ел бірлігі мен Отан қорғау мәселесі бірінші кезекте тұрады.

2. Жырлар шартты түрде жақсылық пен жамандықтың, мейірімділік пен зұлымдықтың тартысына құрылған.

3. Батырдың образын толықтыра түсетін, талай қиындықты бастан бірге кешіретін жары

Кейіпкерлері шындықтан алыс, шартты түрде алынады. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырының кейбір оқиғалары қиял-ғажайыппен ұштастырылған: Алпамыстың дүниеге келуі, түртіп қалған баланың өліп қалуы, зынданда жеті жыл жатуы.

Айырмашылықтарына тоқталсақ,

1. Жалпы қазақтағы батырлық жырдың басқа халықтар эпосынан айырмашылығы - онда батырдың ата-анасы, жұбайы, серіктері, тұлпары, қару-жарағы ерекше суреттеледі.

2. Қазақтың батырлық жырында кіріспе тарау қартайған ата-анасы қайғылы

тағдырын суреттеуге арналған.

3. Батырдың тағдырына тұлпар аты да көп ортақтасады. Тұлпар ат- батырдың ең жақын серігі, яғни ер қанаты. Ол батырдың образын толықтыра түседі. Батырлар мен бірге олардың тұлпар аттары халық арасында аңыз болып кеткен. Мысалы, Қобыландының Тайбурылы, Тарғынның Тарланы.

Негізінен қазақ және ағылшын халықтарының батырлар жырларында көп жағдайда кездесетін өзгешелік- қазақ батырлар жырының кейіпкерлері шындықтан алыс, шартты түрде алынады. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырының кейбір оқиғалары қиял- ғажайыппен ұштастырылған : Алпамыстың дүниеге келуі, түртіп қалған баланың өліп қалуы, зынданда жеті жыл жатуы. Екінші бір мысалға Ер Төстік пен Робин Гуд батырлық ертегісінен үзінді алсақ, Robin Hood was clever, strong and brave. He loved adventure, and he was the best fighter in England[1].

Төстік өзгеше бала болып өседі: бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, шал әкесі мен кемпір шешесін асырайды [2,11].

Жоғарыда айтылып өтілген айырмашылықтар мен ұқсастықтарға біраз мысал келтіре отырып, салыстыра өтсек.Кез келген халықтың батырлар жырының өзекті мәселесі- елін жаудың қолынан қорғау болып табылады. Бұл екі халық діліне де тән. Мысалы, Тоқтарбайұлы Қобыланды- аты аңызға айналған халық батыры. Қобыланды батыр жайында екінші бір дерек көзі- қазақ халқының қаһармандық жырларының бірі- «Қобыланды батыр» жыры. Бұл жырдың оқиғаларына қарағанда, Қобыландының ерлік жолы қазақ елінің сол кездегі сыртқы жауы- қызылбастар мен олардың шапқыншылық жасаған ханы Қазанға қарсы күресінен басталады [3].

King Arthur is a legendary British leader of the late 5th and early 6th centuries, who, according to medieval histories and romances, led the defence of Britain against Saxon invaders in the early 6th century. In some Welsh and Breton tales and poems that date from before this work, Arthur appears either as a great warrior defending Britain from human and supernatural enemies[4].

Қорыта келгенде,біз екі халықтың батырлық жырларындағы ерекшеліктер қос халық наным-сеніміне, діліне байланысты болып келетіндігін аңғарамыз.

« Ел барда, ер қор болмас,Ер барда, ел қор болмас» деп атам қазақ айтқандай, қазақтың батырларыжерімізді шет ел басқыншыларынан қорғау үшін жандарын пидә етті. Солардың арқасында, қазіргі ұрпақ тыныш та бейбіт елде өмір сүріп жатыр. Менің ойымша, сол себепті қазақ батырлар жырының біздің өмірімізде орны ерекше, яғни осы жырлар арқылы, алдымен, халқымыздың салт-дәстүрін дәріптейміз, ал екіншіден, оларды оқып, танып білу арқылы батырлардың Отан үшін, қазіргі ұрпақ үшін жасаған ерліктерін жадымызда сақтаймыз.

Қолданылған әдебиет

1. Liz Austin. Robin Hood.Penguin books Ltd 2000.
2. Бабалар сөзі/Батырлық ертегілер.Астана.2011.
3. http://kk.wikipedia.org/wiki/Қобыланды_Тоқтарбайұлы
4. http://en.wikipedia.org/wiki/King_Arthur

УДК 347.78.034

МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДОВ НА ТАТАРСКИЙ ЯЗЫК ПРОИЗВЕДЕНИЙ А.П. ЧЕХОВА

Мусина РузалияИлдусовна

Ruzalia94.94@mail.ru

Студентка 3 курса Института филологии и межкультурной коммуникации
Казанского федерального университета, Казань, Российская Федерация